

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 296 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3967. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 138 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 21.06.2013 № 138 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесінің 56-тармағының 56.1. тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік органдарының немесе өзге ұйымдарының жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу туралы" Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің міндетін атқарушының 2000 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1037 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 75 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3397 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақта "С.Т.Тауекелге" деген сөздер "Қ.Қ.Жанахановқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Мемлекеттік органдардың немесе өзге ұйымдардың жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу туралы ережеде:

1-1-тармақта "Субъектілерінің" деген сөз "Мемлекеттік органдардың және өзге ұйымдардың, сондай-ақ тіркелген журналистердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Мемлекеттік орган немесе өзге ұйым" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - тіркеуші ұйым)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тіркелген журналист тіркеуші ұйымнан осы органның немесе ұйымның бірінші басшысы немесе бірінші басшының міндетін атқару ресми түрде жүктелген тұлға қол қойған тіркеу туралы куәлігін алады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Тіркеуші ұйым тіркелген журналисті жиналыстар, мәжілістер және өзге де шаралар туралы үш күн бұрын мерзімде алдын-ала хабарлауға, хаттамалармен, мемлекеттік және орыс тіліндегі өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті";

8-тармақта "тіркейтін органға" деген сөздер "тіркеуші ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын, "он бес күн" деген сөздер "он жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Мемлекеттік орган немесе өзге ұйым" деген сөздер "тіркеуші ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "тіркеген орган" деген сөздер "тіркеуші ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

10 және 17 тармақтарда "тіркеген орган" деген сөздер "тіркеуші ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Егер БАҚ пен Агенттіктің меншік иесі ауысқан жағдайда, немесе БАҚ меншік иесінің уәкілеттігі бойынша редакция тіркелген журналисті басқа журналиспен ауыстырған жағдайда оны тіркеу Ереженің осы тарауында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

Журналисті тіркеу туралы бұған дейін берілген куәлік өтінішке қоса беріледі.";

13-тармақта "тіркеген органға" деген сөздер "тіркеуші ұйымға үш күннен кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. **Ескерту: 2-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрінің 2008 жылғы 28 ақпандағы N 48 бұйрығымен.**

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті (Қ.Қ.Жанаханов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен ресми түрде жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін
атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК